

3. Учебник для спец. языковых высш. учебн. заведений/ Жигадло В.Н. — М.: Изд-во лит. на иностр. яз., 1956. — 349 с.

4. The Verbals: Неличные формы глагола : учеб.-метод. пособие / И. В. Баранова, Е. Ю. Борисова, С. В. Контримович, О. А. Прохорова. -М. : Флинта: Наука, 2009. - 264 с.

5. Теоретическая грамматика современного английского языка: учебное пособие для студентов, аспирантов, преподавателей высших учебных заведений/ Кобрина Н. А., Болдырев Н. Н., Худяков А. А. – М.: Высшая школа, 2007. – 368 с.

6. Swan song / J. Glasworthy - The Forsyte Chronicles #6, 2001. – 372 p.

Амантаева Н.А., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, МИО-51 тобы, магистрант
(*Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Амрина М.С.*)

I МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТЕНДІК ЖӘНЕ ТАЛАП

Бірінші Мемлекеттік Думаның салтанатты ашылуы 1906 жылы 27 сәуірде өтті. Ресейдегі ауызша қоғамдық коммуникацияның дамуы тұрғысынан Думаның ашылуы қоғамдық сөздің тұтас бір саласының - парламенттік шешендіктің пайда болуы мен қарқынды қалыптасуын белгіледі. Бар болғаны 72 күн өмір сүрген (үкіметке бітіспес қарсылығының арқасында) тұңғыш ресейлік парламент жалпы Ресей парламентінің үлгісі ретінде, одан кейінгі Думалардағы қайшылықтардың барысын бір жолмен басқарған парламенттік коммуникацияның өзіндік бағдары ретінде замандастарының есінде қалды.

1906 жылға дейін демократиялық халықтық өкілдік ретінде Парламент болмаған, демек, I Мемлекеттік Думаның тарихтағы алатын рөлі ерекше. Айта кету керек, бұрындары қалыптасқан сөйлеу үлгілері, қоғамдағы саяси қайшылықтарға қатысу ережелері болмағандықтан, Думаның алғашқы отырыстарынан бастап Дума полемикасының тұтастығы, оның көңіл-күйі I Думаның бейнелі салыстырулары мен атауларын тудырды. Мысалы, ғасырдың басындағы көрнекті саяси қайраткер С. Витте алғашқы Ресей Парламентін «қоғамдық қызығушылық пен мемлекеттік тәжірибесіздік Думасы» деп атады. Алайда, сол кезеңдегі баспасөз беттерінде Мемлекеттік Дума «халықтық Қаһар Думасы» деген лақап атқа ие болды және әр отырыста өзінің әділетсіздігін көрсетіп отырды. Осы кезеңге дейін I Мемлекеттік Думадағы әділетсіздік, әсіресе теңдік пен талап бойынша туындаған мәселелерге толық зерттеу жұмыстары арналмаған. Сол себепті бұл тақырып қазіргі таңда XX ғасырдың басындағы тарихты зерттеушілердің ең бастапқы назарға алатын бағыттарының бірі десе де болады.

1809 жылы I Александрдың тапсырмасымен М.М. Сперанский «жалпы мемлекеттік қайта құру жоспарын» құрастырады. Бұл жоспар бойынша халық өкілдерінің заң шығару, сот және басқару ісіне араласуы қарастырылды. Сол негізде Думаның алғашқы идеясы пайда болған еді. Алайда бұл идеяны I Александр құп көрсе де, Наполеонмен арадағы қарым-қатынасты ескеріп, кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады. Бұл жоспар арада 100 жылдай уақыт өткеннен кейін ғана іске асады [1, 6].

1905 жылы 18 ақпанда ішкі істер министрі Булыгинға халық өкілдерін билікке қатыстыратын заң жобасын жасау тапсырмасы берілді. 18 ақпаннан кейінгі келіп түскен петициялар мен өтініштерде Булыгин жиналысына халық өкілі қатыстырылып, жиналыс нәтижесі жариялансын деп көрсетілген. Алайда жиналыс нәтижелері құпия түрінде қалды. Жиналыс мүшелері мен қабылданған шешімдердің халыққа жарияланбауы құрастырылып жатқан заңдағы теңдік мәселесін бірден бұзды. Тек 1 ай өткеннен кейін, 18 наурызда үкіметтің халық өкілдерінің жиналысы ішкі істер министрлігінің ұйымдастыруымен арнайы жиналыста қарастырылатыны туралы хабарлама жасалды. Мамырдың соңы мен маусым айының басында «Правительственный Вестник» басылымында «Булыгин жобасы» қарастырылып жатыр деп бір ауыз сөз берілген. Кейін «Новое время» газетінде бұрын құпия болып келген нәтижелер басылып шығып, халық арасында келіспеушілік тудыра бастады. Халық билігін заңдар арқылы шектеу және сайлау жүйесіне қарсы шықты [1, 9]. Қорытындысында халық Булыгин жобасын мемлекетті тыныштандыру үшін емес, жаңадан көтеріліс жасаудың себепшісі деп тапты.

19 маусымнан бастап Петергофта Булыгин жобасын қайта қараған бірнеше жиналыстар болып өтті. Нәтижесінде 1905 жылдың 6 тамызында бірнеше өзгерістер еңгізілген Мемлекеттік

Думаның манифесті жарық көрді. Манифесттен кейін бүкіл империя аумағында I Мемлекеттік Думаға дайындық жұмысы басталды. Іс барысында теңдік пен талап мәселесіне байланысты біршама қайшылықтар орын алды.

Біріншісі, жергілікті жерлердегі сайлау құқығының ерекшелігі. Мәскеу, Санкт-Петербург, Баку, Астрахан, Варшава, Вильнюс, Воронеж, Иркутск, Қазан, Киев, Кишинев, Самара, Ташкент, Харьков аймақтарында сайлау құқығына еркіндік берілсе, Польша патшалығы, Орал мен Торғай облыстары, Сібір, Дала және Түркістан генерал-губернаторлығы мен Кавказ, көшпелі халықтарда сайлау арнайы ережелер негізінде жүзеге асырылды [1, 33].

Екіншіден, сайлауға түсушілер саны. Ел орталықтарында олардың саны 160 болса, басқа қалаларда 80-ді құрады. Бұдан бөлек, адамның жеке басына байланысты талаптар да қойылды. Думаға сайланушылар міндетті түрде орыс тілінде сөйлеуі керек. Сонымен қатар, Дума негізгі дін ретінде православиені санады.

Үшіншіден, сайлауға түсушілерге қойылатын шектеу. Сайлауға әйел адамдар, жасы 25-тен төмен ер адамдар, оқу орнында білім алатындар, қызметте жүрген әскердегі және флоттағы шенділер, кезбе жатжерліктер мен шетелдік бағынушылар қатыса алмады. Одан бөлек, қылмыстық іс жасап сотталған, ұрлық жасап, қызметінен босатылған, күдікті тұлға, өздері тиесілі қоғам мен дворяндық жиналыстардан алшақтатылған, әскери қызметтен бас тартқандар да сайланушылар қатарына кіре алмады. Жоғары шенділер – губернаторлар мен қала басшылары, полицейлер сайлауға қатысуына тыйым салынған. Бұл тармақ нәтижесінде империя аумағындағы көптеген ұлт өкілдерін азаматтық құқығынан айырды [1, 34-35].

Төртіншіден, Мемлекеттік Думада әртүрлі партиялар мен бірлестіктер, таптар мен әлеуметтік топтар, конфессиялар ұсынылды. Бұл депутаттық корпусы талдау кезінде міндетті түрде ескеріледі. Дегенмен, жоғарыда айтылғандардан кем емес көрсеткіш бар, олар әдетте ескерілмей кетеді: көптеген депутаттар жергілікті өзін - өзі басқару органдарының – земство және қалалық Думалардың мүшелері болды [2, 68]. Сол себепті қарапайым халықтан шыққандардың аз орынды Думаға сайлануы мүмкін емес еді.

Бесіншіден, сайлауға түсушілерге талаптың қатандығы. Уездік аймақтардан сайлауға түсушілердің жері, 15 мың рубльден кем бағаланбайтын мүлкі, дінбасылардың өз шіркеулік жері болуы қажет болса, қалалық аймақтардан сайланушылардың 1500 рубльден кем болмайтын жылжымайтын жеке мүлкі немесе жылына 50 рубль салық төленетін сауда-өнеркәсіптік кәсіпорынның куәлігі болуы қажет.

Алтыншыдан, сайлаушылар тізім арқылы ғана дауыс бере алады. Сайлаушылар қатарына жеке мүлкі бар және 3 жыл ішінде салық төлегендер ғана кіре алады. Нәтижесінде империя бойынша әр губерниядан тек қана 100-200 шақты адам ғана сайлау құқығына ие болды.

Теңдік мәселесі Дума шақырылғаннан кейін де жалғасын тапты. Ол – сайланған депутаттардың этностық және діни бөлінісі. Аталған ұлттық мәселелердің әрқайсысы әртүрлі этникалық, конфессиялық және аймақтық қауымдастықтарға қолданылатын «біз», «біз емеспіз», «өзіміз», «өзгелер», «басқалар», «бөтен адамдар» құрылымдары қалыптасып, қайта құрылған кезде Бүкілресейлік этноконфессиялық дискурста өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Кейін Ресей империясындағы осы қауымдастықтардың өзгеретін иерархиясында саяси адалдық принциптері, таптық-әлеуметтік факторлар мен мәдени өлшемдер (дін, тіл, өмір салты) біріктірілді. «Біз» ұғымымен «үлкен орыс ұлтының» өкілдері - Ұлы орыстар (великороссы), кіші орыстар (малороссы) және белорустар, сондай-ақ «өзіміз» ұғымымен - Ресейдің православтық емес славян халықтары өкілдері қамтылды. «Өзге», «басқа», «бөтен» деген атауға империяның шетінде тұратын «орыс емес» халықтар- поляктар, немістер, еврейлер, армяндар, мұсылмандар ие болды. Дума кезеңіндегі барлық орыс емес халықтарға журналистика мен риторикада «бөтен адамдар» термині тарала бастады, ол кейде бұрын «өздері» ретінде қабылданған малоросстарға да (украиндарға) қолданылған. Немістерге деген жалпы көзқарас, тұтастай алғанда, мейірімді болды, олар көбінесе «бөлек өзіміз» деп саналды. Төзімді поляктар «өзге-бөтендер» санатында қаралды. Құқықтары шектеулі және отырықшы болу үшін қоныс аударған еврейлер бөтен деп танылды және іс жүзінде «бөтен» халықтардың ішіндегі ең үлкені болды. Еуропалық Ресейдің мұсылмандары «басқалар» ретінде қабылданды, ал Қара Теңіз, Солтүстік Кавказ, дала аймағы мен Түркістанның ислам халықтары «басқа-бөтен» деп түсіндірілді. I Думада өз фракцияларын құрған кемінде 200 орыс емес депутаттар болды: 62 малоросс, 51 поляк, 13 еврей, 23 мұсылман және т. б. I-III Думалардағы ұлттық мәселені талқылаудың саяси деңгейі шақырудан шақырылымға дейін этноконфессиялық әртүрлілікті ескермеу үшін билік тактикалық

көзкарастың пайдасына төмендеді. I Думада тек ұлттық, діни және аймақтық проблемалар қойылды [3, 92-93].

Айта кету керек, қарапайым халық арасында Дума жұмысымен таныстыру мәселесіне міндетті мекемелер өз жұмысын мүлде жүргізбеді. Зерттеуші Т.В. Локоть «Первая Дума. Статьи, заметки и впечатления» деген еңбегінде «сайлау кезінде провинциялар іс жүзінде ешбір саяси партияларды білмеді және мойындамады, партиялар бағдарламасының ерекшеліктеріне, сапасына қараған да жоқ, басым көпшілігі салыстырмалы түрде негізінен кандидаттың жеке басының білігі мен дүниетанымын басшылыққа алды», - деп жазды [4, 44-45].

Ал «Степной край» газетінде: «Отрицаю в принципе всевозможные специальные законы, а ровно законодательный акт 6 августа, мы, уполномоченные от киргиз и татар Павлодарского и Семипалатинского уездов, требуем, чтобы депутаты в законодательный корпус были избраны всем народом на основе пропорционального представительства, без различия пола, религии и национальности, путем тайного и прямого голосования» - деген пікіржарық көрді [4, 61].

1906 жылғы Мемлекеттік Думада сөздік агрессия өздігінен пайда болмайтын және із-түзсіз жойылмайтын құрылымдық құбылыс ретінде қарастырылды. Бірінші Думада ауызша агрессия депутаттардың мәлімдемелерін сөйлеудің тақырыптық бірлігі аясында (күрделі полемикалық тұтастық) және әртүрлі тақырыптық бірліктердің арасында байланыстырудың ерекше құралы болды. Сол себепті депутаттарға Думадағы оқиғаларды халыққа жаюға тыйым салып, өздерінің «ұлттық» мәселелерін Думада қозғауға шектеу қойды. Алайда бұл депутаттарды тоқтата алмады. Олар өздерінің Думаға сайланудағы негізгі мақсатын ұмытпай, батыл шешімдер (митинг, мақала жариялау, т.б.) қабылдады. Соның нәтижесінде олар империя тарапынан айдауға, қызметінен босатылуға, тіпті сотталуға дейін барды.

В.В. Брусянинның «Судьба первых депутатов» атты еңбегінде I Мемлекеттік Дума тарағаннан кейінгі депутаттардың мемлекет тарапынан көрген қиыншылықтары туралы нақты айтылады. Сол кездегі баспа беттерінде «На имя Государя Императора и министра-преьера получают многочисленные постановления крестьянских сходо́въ и резолю́ции митинго́въ, въ которыхъ крестьяне настаиваютъ на освобожденіи арестованныхъ членовъ Государственной Думы, напоминая, что депутатамъ была обеща́на личная неприкосновенность» атты хабарлама шығып тұрған [5, 17].

Басқа ұлт пен дін өкілдерінен бөлек, I Мемлекеттік Думаға сайланған православтық шіркеудің 6 өкілі болды. Олар аграрлық мәселе, өлім жазасын шегеру және ерекше заңдар бойынша халық сөзін сөйлеп, парламенттік топтар мен партиялар арасында үлкен беделге ие бола бастады. Олардың шыншылдығы Дума басшылығы тарапынан сынға ұшырады. «Новая мысль» газетінде 2 дін басшысына жасалған жазалау шаралары жазылған: Вятская губерниядан сайланған Николай Огневтен дін басшысы атағын алып тастау туралы қаулы, Дон облысынан сайланған Клавдий Афанасьев Дон рухани консисториясына қайтудан бас тарқаны үшін Кремень монастырына қамауға алған.

Бізге белгілі деректер бойынша, 30 қыркүйекте Думадан шығарылған депутаттарға байланысты 22 жағдай тіркелген болатын. I Дума аяқталған соң, олардың саны 180-ге жетті. Халық өздері сайлаған депутаттардың мемлекет тарапынан айдауға немесе қамауға алынатын жағдайларда өз өмірлеріне қауіп төндіріп, оларды қорғау үшін біршама шаралар қабылдады. Шаруа халық билік өкілдерінің депутаттарға деген қарым-қатынасын сынап, газет бетіне «не случись ночью, когда все крестьяне спали, без боя не выдали бы своего депутата» деп шағым түсірді [5, 30].

Қорытындылай келе, ең алғашқы халық өкілдеріне өз мақсаттарына жету бұйырмаса да, Думаға жер және еркіндік үшін жиналып, халық талабын жеткізе білді. Билік халық талабын емес, өз талаптарын орындату мақсатында әскери дисциплина мен расправалар арқылы қуғындату саясатын жүргізіп отырды. Депутаттар қарсы шықпай, төзімділікпен тінту, қамау, тіпті сотсыз жер аударуды да бастан кешті. Теңдіктің құқықтардағы, діни бостандықтағы, ана тілін оқыту мен қолданудағы талаптары іс жүзінде кез - келген ұлттық мәселеге еніп, 1906-1917 жылдары Думада айтарлықтай өзекті болды. Көптеген провинциялар мен облыстар халқының конфессиялық дауыссыздығы ұлттық немесе діни сипаттағы қақтығыстармен қиындады (православие-католик-униат, латыш-неміс және эстон-неміс қақтығыстары, армян-әзірбайжан қақтығыстары, еврей погромдары және т.б.). Сайлау жүйесі мен өкілеттіктерінің белгілі шектеулеріне қарамастан, бұл Мемлекеттік дума, жоғарыда аталған өзекті ұлттық мәселелер ғана емес, сонымен бірге теңдік мәселесі алғаш рет айтылған алғашқы заңды саяси алаңға айналды.

Әдебиеттер:

1. Государственная Дума. Указоненія 6 Августа 1905 г. КІЕВЪ. 1-я Кіевская Артель Печатного Дела, Трехсвятительская 5. 1905.
2. Соловьев К.А. Земские деятели в Государственной Думе (1907- 1914) [Текст] / К.А. Соловьев // Вестник Московского университета. Серия 12. Политические науки, №4, 2014.
3. Циунчук Р. Национальный вопрос в Государственной думе накануне и во время Первой мировой войны [Текст] / Р. Циунчук // Российская история, №5, 2014.
4. Озганбай Ә. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). – Алматы, 1997.
5. Бруснянинъ В.В. Судьба первыхъ депутатовъ. С.ПЕТЕРБУРГЪ. Типо-Литографія С. М. Муллеръ, Вас. Остр., 9 лин., д. 18. 1906.

Апсалямова К.Ж., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, факультет философии и психологии, гр. С-32, студентка
(*Научный руководитель – ст. преподаватель кафедры политологии и социологии Резвушкина Т.А.*)

ГЕНДЕРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ СЕМЕЙНО-БЫТОВОГО НАСИЛИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В настоящее время тема семейно-бытового насилия является одной из самых обсуждаемых в казахстанском обществе. Несовершенство системы правосудия в этой сфере, а также традиционные взгляды и ценности, доминирующие среди населения, остро влияют на рост преступлений по причине бытовых разногласий. За последние годы в СМИ часто публикуются подробности случаев причинения вреда различного характера и степени в некоторых казахстанских семьях, в особенности в отношении женщин и детей, что вызывает бурные обсуждения среди общества. Официальная статистика также усиливает важность решения проблем в сфере семейно-бытового семейно-бытовое насилие, учитывая, что зачастую жертвы боятся обращаться в правоохранительные органы и годами остаются в тени продолжающегося над ними семейно-бытовое насилие.

С данной проблемой сталкиваются как развитые, так и развивающиеся страны, как современные, постиндустриальные, так и традиционные общества. Согласно международным оценкам, 30% женщин в возрасте 15 лет и старше подвергались физическому и/или сексуальному насилию со стороны интимного партнера в течение своей жизни [1].

В Казахстане СМИ периодически публикуют шокирующие случаи семейно-бытового насилия. Случай произошедший в ноябре 2021 года, в г. Алматы шокировал миллионы людей, женщина с тремя детьми выбросилась из окна из-за семейно-бытовых проблем, она оставила записку, в которой указала, что для такого поступка есть причины и есть виновные в том, что она совершила убийства и самоубийство. Это далеко не единственный случай в РК, не так давно в Нур-Султане, бригадир жестоко изнасиловал сотрудницу субподрядной организации, после удалось зафиксировать факт насилия, но осужденный остался безнаказанным [2].

Если сместить внимание от глобальных оценок на уровень отдельных государств, то ситуация будет сильно варьироваться от страны к стране. Например, по консервативным оценкам в США от четырех до девяти миллионов человек являются жертвами семейного семейно-бытовое насилие и еще порядка 170 миллионов находятся в группе риска. При этом экономические потери от семейно-бытового составляют ежегодно порядка одного миллиарда долларов США. Проблема семейно-бытового, к сожалению, не обходит и Казахстан, хотя здесь возникают серьезные трудности с оценкой масштабов по причине отсутствия больших массивов надежных эмпирических данных. Оценить размеры проблемы действительно сложно, поэтому пока остановимся лишь на нескольких примерах, чтобы составить общее представление. Так, согласно данным Бюро национальной статистики РК, около 17% казахстанских женщин сталкивались с физическим или сексуальным насилием со стороны своего интимного партнера [3].

Официальные данные по криминальной статистике указывают на серьезный рост в последние годы уголовных правонарушений, совершенных в семейно-бытовой сфере (см.